«Бекітемін»
Амангелді ауылының жалпы орта білім
беретін мектебінің_____Исина Р.А.

«Ақ тіін»шағын орталығында
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
2025-2026оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының жоспары

МАҚСАТЫ: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ:

- ✓ Тәуелсіздік және Отаншылдық
- ✓ Бірлік және Ынтымақ
- ✓ Әділдік және Жауапкершілік
- ✓ Заң және Тәртіп
- ✓ Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- ✓ Жасампаздық және Жаңашылдық

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ:

- ✓ **«ҚАМҚОР»-** әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- ✓ **«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»** - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- ✓ **«SMART BALA»** - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- ✓ **«ШАБЫТ»** - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- ✓ **«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»** - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- ✓ **«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»** - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

КҮНДЕЛІКТІ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР

	Іс -шаралар атауы	**Аяқталу нысаны**	**Жауаптылар**	**Орындау мерзімі**
1	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» -мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелері ойын-сауықтың әзірлемелері	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, \	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесулер ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	Күнделікті
3	«Үнемді тұтыну» - суды, тамақты, энергияны - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті. Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Күнделікті Жыл бойы

4	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекетін дамыту жоспары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілер,	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
	тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру			
АПТА САЙЫН				
1	«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ортаңғы, ересек және мектепалды топтардың Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы	Ертеңгіліктер өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Апта дәйексөздері» - ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемокестелерде ойнату	Дәйексөздерді ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, тәрбиеші	Жыл бойы

3	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті. Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу.	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Дәйексөздер:
1 –апта «Білім -қымбат қазына,қанағат -тұтпа азына»(Мұзафар Әлімбаева)
2-апта «Жанұям-қорғаным,ата-анам -тірегім
3-апта «Ақырын жүріп анық бас,еңбегін кетпес далаға!» /Абай/
4-апта «Еңбек жай ғана қызмет емес,адам болмасының айнасы.» /Абай/

	Іс -шаралардың атауы	**Аяқталу нысаны**	**Жауаптылар**	**Орындау мерзімі**
1	1 қыркүйек - Білім күні аясында «Балабақша - бақыт мекені» атты іс - шара	Балабақшада экскурсия өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, тәрбиешісі	1- апта

2	1.«Тілім менің тірегім», «Көркем сөз шебері», «Қазақшаң қалай, балақай?» 2.«Тілді сүю - тал бесіктен» 3. «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» 4. «Тіл - татулық тірегі»	1.Қалалық мәнерлеп оқу байқауы (мектепалды топтар) 2.Ойын- сауық (мектепалды топтар) әзірлемелері 3.Мәнерлеп оқу сайысы сценарийі (педагогтер) 4.Дөңгелек үстел (ата-аналар) әзірлемесі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	1 апта
3	«Отбасы - менің байлығым» ата-аналармен бірлескен балабақшаішілік іс- шара	Балабақшаішілік іс- шара	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	2 апта
4	«Күз көріністері», «Күзгі табиғатқа саяхат», және т.б. тақырыптар бойынша	Әңгімелесу, экскурсия, өлең оқу және т.б.	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	3-апта
5	Еңбек күні аясында ауладағы жапырақтар жинау ауладағы, топтағы	Балалармен бірлесіп ұйымдастырылған іс -	Тәрбиешілер	4 апта
	гүлдерге су құю. Топтағы ойыншықтарды тазалау, жинау	әрекет		
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
Дәйексөздер: 1 -апта «Ел-жұртымның бақыты аталатын,сөнбесін мәңгі сенің,Отан,атың!» 2-апта«Туған жердей жер болмас,туған елдей ел болмас 3-апта «Отанды сүю- отбасынан басталады! 4-апта «Отаным алтын бесігім!»				

1	«Әжем мен атама сыйлығым» тақырыбында іс-шаралар	Балалардың өз қолдарымен жасаған сыйлықтары (сурет, жапсыру, мүсіндеу) немесе васап арқылы ата-әжесіне арнап өлең оқу, ән жолдау	Тәрбиешілер, ата-аналар	1 -апта
2	Шабыт жобасы «Даналық ұстаздан» челленджі	Мұғалім күніне арналған челленджер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	1- апта
3	«Бір ел – бір отбасы» атты флешмоб өткізу. Қазақ халқының ұлттық биі байқауын өткізу	Танымдық іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекет, әдеби кештер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	2-апта
4	Балалар кітапханасы жобасы аясында «Жас тыңдарман», «Оқырман отбасы» баламен бірге кітап оқимыз	Кітаптар көрмесін ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	3-апта
5	«Республикам – менің мақтанышым!»	Ертеңгілік өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	4- апта
6	«Менің Отаным - Қазақстан», «Отан-ортақ үйіміз» және т.б. (ұйымдастырушының таңдаған тақырыбы бойынша)	Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша-Ұлттық валюта –теңге күні

Дәйексөздер:

1 –апта «Әділдік пен жауапкершілік -біртұтас ұғым! »

2-апта «Тура биде туған жоқ»

3-апта «Жауапкершілік—адамгершілік қасиеттің көрінісі»

4-апта «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

1	- «Жол қозғалысы ережелері».	Сюжетті-рөлдік, ойындар, бейнеролик көру, ата-аналарға ұсынымдар әзірлеу, танымдық іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
	Ойындар арқылы қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімді дамыту: «Ақша ал», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен».	Танымдық іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекет, қауіпсіздік сабақтары, дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	«Қауіпсіздің әліппесі» іс-шарасы.	МДҰ жоспарларына сәйкес іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
4	«Театрландырылған әлем» қойылымдарды ұйымдастыру.	МДҰ жоспарларына сәйкес іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	4- апта
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
Дәйексөздер: 1 –апта «Бірлігі күшті ел озады!» 2-апта «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» 3-апта «Бірлік болмай тірлік болмас» 4-апта «Ынтымақ-бұзылмайтын қорған»				
1	«Отаным менің- Қазақстан!»	Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның	1-апта

биешілері

2	Тәуелсіз елдің бақытты баласы», «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» және т.б. тақырыптарда іс- шаралар	Балабақшаішілік ертеңгіліктер Мектепалды топ балаларына бейнероликтер көрсету	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-3апта
	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында), «Өмірдің нәрі - дәстүр мен тәрбие», «Жақсылықтың бастауы - ата-	Зияткерлік ойындар, челлендж	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	4-апта
	ана тәрбиесі»			
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар Жаңа жыл мерекесі 10 қаңтар Қазақстанадағы экология күні				
Дәйексөздер: 1 –апта «Талап бар жерде тәртіп бар» 2-апта «Тәртіп -тәрбие бастауы» 3-апта «Әділ заң-аспан тірегі» 4-апта «Тәртіпсіз -ел болмайды»				
1	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

2	«Менің құқықтарым мен міндеттерім» (ересек, мектепалды жас топтарына) «Заң және баланың құқықтарын қорғау» (ата-аналармен әңгімелесу).	Әңгімелесу, дөңгелек үстел	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,ата-аналар	2- апта
3	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу (сілтеме, жасанды интеллект)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	3-апта
4	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және т.б. ойындар	Сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ				
Ақпанның бірінші сейсенбісі Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні 14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Жасампаздық -бәрімізге өнеге» 2-апта «Шығармашыл бала -ойлы бала» 3-апта «Өнерлі бала өрге жүзер» 4-апта «Жаңашылдық -заман талабы»				
1	«Мен – зерттеушімін»- өнертапқыштыққа алғашқы қадам «Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойындар	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет Топтарда зияткерлік ойындар ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	1-апта
2	Ұлттық үстел үсті ойындары	Үстел үсті ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

3	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында іс- шаралар ұйымдастыру	«Менің сүйікті кітабым»-балалар қысқаша өздеріне ұнаған кітапты айтып беру. «Ертегі оқу сағаты» ата-аналар сыйға тартылған кітаптардан ертегі оқу. «Әр балаға бір кітап» келген қонақтардан балаларға кітап сыйлау.	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ,ата-аналар	2 -3 апта
4	«Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Қол бұйымдарының көрмесі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	4-апта
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Патриотизм-ата-анаңды құрметтей білуің....»(Б.Момышұлы) 2-апта «Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес,ұлттық жауапкершілік» 3-апта «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 4-апта «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»				
1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» немесе «Алғыс – ізгі ниет» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж өткізу	Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері ата-аналар	1-апта
2	8 наурыз мерекесі аясында «Ананың аялы алақаны» іс- шарасы	Ертеңгіліктер өткізу, бейнероликтер, мерекелік бейне құттықтаулар мен ашық хаттар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілер,ата- аналар	2 апта

3	«Наурыз – жыл басы!» іс -шарасы	Балабақшаішілік іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілер	3-апта
4	«Еңбектің наны тәтті»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

СӘУІР – ЕҢБЕККӨРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
12 сәуір – Ғарышкер күні
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
23 сәуір – Ұлттық кітап күні

Дәйексөздер:
1-апта «Еңбек -қуаныш,жалқаулық-айырылмас азап» Абай»
2-апта «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»(Леонардо да Винчи)
3-апта «Болашағы зор мамандықтар жоқ,тек болашағы зор мамандар бар.»
4-апта «Білікті білім жинап кәсіп етер,білімнің дәмін татып өсіп өнер»

1	«Балалар кітап күніне» арналған іс-шаралар	«Ертегілер әлеміне саяхат» (ертегі оқу сағаты)	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар,	1-апта
2	«Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық акциясы	Танымдық, эксперименттік іс-әрекет, эко-челлендж, экологиялық акция	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	Кішкентай зерттеушілер»	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет (зерттеу жұмысы, саябаққа саяхат және т.б.)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта

4	«Әжемнің ертегілері»	дәстүрлі іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	4-апта
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні				
Дәйекөздер: 1-апта «Күннің көзі ортақ,жақсының сөзі ортақ» 2-апта «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ,ұйым жоқ болса күнің жоқ» 3-апта «Жалғанда ойлап тұрсан бірлік керек,бірлікті ойлау үшін тірек керек» Төле би 4-апта «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп» Күлтегін				
1	«Достығымыз жарасқан», «Досыма сыйлық» және т.б. тақырыптарда іс – шаралар	Ойын- сауық, фестиваль Балалар суретінің көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері,	1-апта
2	Отан қорғаушылар күні «Әкелер мектебі» «Әкенің өнегесі – балаға мұра» 9 мамыр Жеңіс күніне арналған іс-шаралар	Ұлттық ойындар сайысы Түрлі форматтағы іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	2-апта
3	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер», «Отбасым – менің мақтанышым» және т.б. тақырыптар бойынша	Видеороликтер дайындау, фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	3 апта
4	Табиғатқа қамқорлық жасаймыз «Табиғатты сақтайық!»,«Құстарға қамқорлық»,«Жасыл ел – жарқын болашақ»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасына сәйкес